



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№8

(892)

4 наурыз

2022 жыл

ISSN 2074-899X



9 772074 899002

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТИ

8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

АРУЛАР – АСЫЛ ЖАНДАР



НАУРЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



БІЗДІҢ СҰХБАТ

Өлең дейтін киелі ауылдың өрісті жайлауында айтыстағы отауын берік орналастырған, елі үшін қызмет етуден шаршамайтын ақынның бірі – Қажымұхан Абзалов. Біз айтыскер ақынды әңгімеге тартып, қаңтар оқиғасынан не түйгенін, ендігі кезде жастар қателікке жол беріп алмас үшін не істеу керек екенін сұрадық.

Қажымұқан АБЗАЛОВ, айтыскер ақын:

ҚАЗАҚЫ ТӘРБИЕ КӨРГЕН ЖАСТАР ҚЫЛМЫСҚА БАРМАЙДЫ



Jas qazaq: Қажымұқан аға, сіз Шымкенттегі «Қаратау» дәстүрлі өнер мектебінде шәкірт тәрбиелеп келесіз. «Қантар оқиғасы» кезінде ұлттық колты сезбейтін, ұлттық құнардан ада жастардың қандай қиянаттарға бара алатынын көрдік. Күнгейде ғана орын тепкен «Қаратау» мектебі тұтас елдің бүкіл жасына жетпейтіні анық...

Қ.Абзалов: Көп қатарымның мақсаты бір. Ол – ұлағатты ұрпақ, сапалы буын шығару. Бүгінге дейін де қолымыздан келгенін жасап, салтқа сай жұмыс жүргізіп келеміз. Ниетімізге қарай, ақын Біржан Байтұовтың бастамасымен, әкім Мұрат Әйтеновтің қолдауымен «Қаратау» дәстүрлі өнер мектебі бұйырды. Бізге бұрынғыдан үлкен мүмкіндік берілді. Дәстүрлі өнерді, қазақы тәрбиені сінірген баладан қылмыс шықпайды. Әрине, бір ғана мектеп мемлекет түгелі мегаполистің өзіне азық етеді, тіпті жетпейді. Сондықтан бұл мектептің жобасын біз жоғары жаққа ұсындық. Ұсынысымыз қабылданса, еліміздің барлық аймағында осындай мектептер салынуы тиіс. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы биылғы жылды «Балалар жылы» деп бекітті. Кемел келешектің кірпішін қалауға бұл үлкен мүмкіндік. Осы мүмкіндікті лайықты пайдалансақ, бұзақы бала да, адасқан жастар да реттеледі. Оларды жөнге салу – біздің басты міндетіміз.

Jas qazaq: Қасіретті қантар кезіндегідей жастар енді қателікке жол беріп алмас үшін қайтпек керек?

Қ.Абзалов: Мектеп жасындағы балаларды дәстүрлі өнер бағытына, білімі, тәрбиесі жақсы мекемелерге беріп, ал есейген жастың бәрін жұмыспен қамтамасыз ету керек. Тексерілген нақты ақпараттар ғана таратылып, дәлелсіз деректерді таратқандарды жазалауға тиіспіз. Жастардың санасын ұлайтын есіктерді жабуға тиіспіз.

«Жазықсыз жастар алданып барды» деп бүгінде жанашыр болып отырғандар осы қырғынға үлесінің үлкендігін сезіп отырған шығар. Әлеуметтік желіде жұртты шеруге шақырғандардың да кінәсі зор.

Jas qazaq: «Жалғыз тілегім – бабалар бізге егемендік қалдырса, біз балаларымызға еркіндік қалдырсақ екен» деп әдемі айтқан еліміз бір жазбанызда. Расында да, біз кейінгі ұрпаққа не қалдыра аламыз?

(Жалғасы 3-бетте)

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

ТАРАТТЫ ЖАСТАР ЖАДЫРАП, МИЛЛИОН ҚҰРТ ПЕН БАУЫРСАҚ...



1 наурыз – Ұлы дала өлінде түрлі этностардың қазақ халқына алғыс айтып, құрмет көрсететін күні. Бірлігі мен ынтымағы жарасқан Отанымыздың өлеулі мерекелерінің бірі Шымкентте айрықша аталып өтті. Алғыс айту күніне қала жастары да белсене атсалысты. Мерекелік іс-шарада 1 миллион құрт пен бауырсақ таратылды.

Мерекеге орай қала көшелері безендіріліп, «Шымкала» этноауылында көктем белгісі бәйшешек гүлінің, бейбітшілік пен мейірімділік құсы қарлығаштың алып бейнелері жасалып, қала тұрғындарына ерекше көңіл сыйлады. Әсіресе, этноауылдағы мерекелік көңіл-күйді айтсанызшы! Алып тайқазанның айналасына мәдениет және өнер мекемелері, қалалық төтенше жағдайлар қызметі, полиция департаментінің қызметкерлері мен сарбаздар, ұстаздар мен дәрігерлер, этномәдени бірлестік өкілдері және жоғары оқу орындарының ерікті жастары жиналды. Қазандағы ыстық майға пісірілген бауырсақ қол күйдірердей. Сабадан құйылған қымыз ыстық бауырсақ пен майлы құртпен ішілді. Ақ дастархан басында өткен ғасырда қуғын-сүргінге ұшырап, тағдыр тәлкегімен қазақ жеріне қоныс аударған түрлі этнос өкілдері басынан өткерген өмір тарихы мен бүгінгі ғұмырының игіліктері үшін алғыс айтты.

(Жалғасы 6-бетте)

БӘРЕКЕЛДІ!

АЛТЫН ҚҰРСАҚТЫ АНА

Алматы тұрғыны Елена Бородюк өмірге 14-ші баласын дүниеге әкелді. Павел мен Елена Бородюктің шаңырағында енді жеті ұл мен жеті қыз бар. Салмағы 4 келіден асатын қыз баланы 44 жастағы батыр ана еш қиындықсыз босаныпты.

Көпбалалы отбасының тұңғышы ер жетіп, қыз айттыратын жасқа келген.



Фотосы Inform.kz



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
114,48

DOLLAR
491,03

EURO
493,15

РУБЛЬ
5,16





7 KÚN 168 SAĠAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

БИЛІК

1 наурыз – бас партияның құрылған күні. 23 жыл бұрын еліміздегі ең басты саяси ұйымның негізі қаланып, партия халықты ортақ мақсатқа жұмылдырып еді. Қоғамға пайдалы бастамаларды көтеріп, сайлаушылардың қолдауына ие болды. «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс съезінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осылай деп атап көрсетті.

Мемлекет басшысы ең әуелі 1 наурыз – Алғыс айту күні екенін еске салып, қантар оқиғасы кезінде бірлігін сақтай білген Қазақстан халқына зор ризашылығын білдірді. Ұйымды жаңғыртуға арналған алқалы жиынның дәл осы күні өтуінің символдық мәні бар. Президент партияның бұған дейін атқарған жұмысын ұмытуға болмайтынына, өз ісіне берілген партия белсенділерінің қажырлы еңбегіне құрметпен қарау керек екеніне тоқталды.

Еліміз «Жаңа Қазақстанды» құруға бағыт алды. Алда мемлекет тағдырын шешетін ауқымды да маңызды жұмыс тұр. Оны ойдағыдай жүзеге асыру үшін жаңа мақсат-міндеттерді айқындап, партия барлық реформаға ұйтқы болуы тиіс. Съезд саяси ұйымның атауын «Аманат» деп өзгерту ұсынылды.

Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бірнеше ұсыныс болды, соның ішінен Аманат деген атауға тоқтадық. Бұл – еліміз үшін де,

толығымен қайта қарау қажет. Президент: «Бюрократия мен қағазбастылықтан үзілді-кесілді бас тарту керек. Аймақтық филиалдар мен бастауыш ұйымдары сайлаушылармен өзінген жұмыс істей алады және жұмыс істеуге міндетті. Орталық аппарат нұсқаушылық және «қолмен» басқару тәжірибесінен арлуы тиіс», – деді. Сондай-ақ Мәжіліс пен мәслихаттардағы фракциялардың қызметін жандандыру

кері байланысты күшейткен жөн және осы бағытта қоғамдық қабылдаулардың әлеуетін барынша пайдалану қажет», – деді.

Тағы бір түйткіл елде саяси менеджерлерді даярлау ісіне келіп тіреледі. Саяси басшылар түрлі мамандармен, жастармен, журналистермен, халықтың барлық өкілдерімен тіл табыса алу керек. Бүгінге дейінгі басты кемшілік – жас әрі қабілетті мамандардың көтерілуіне



Photo: akord.kz

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚИЫНДЫҚТЫ БІРГЕ ЕҢСЕРЕМІЗ

ұлтымыз үшін де айрықша мәні бар киелі ұғым. Егемендігіміз, елдігіміз бен бірлігіміз, кең байтақ жеріміз – бізге бабалардан жеткен аманат. Осы кастерлі құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтап, болашаққа мирас етуіміз керек. Мемлекеттілік дәстүр жалғастығы, ұрпақ сабақтастығы дегеніміз осы. Халқымыз ешқашан аманатқа қиянат жасамаған. Партия бұл қағидатты берік ұстанды», – деді.

Өткен айда жүргізілген сараптама партия қызметіне маңызды өзгерістер енгізу қажет екенін айқындады. Ең алдымен орталыққа тәуелділікті жою және партия аппаратының тиімділігін арттыру қажеттігі туындап отыр. Өйткені партия аппаратының жұмысында бюрократияның теріс сипаттары байқалды. Ендігі кезде орталық аппараттың филиалдармен және бастауыш партиялық ұйымдармен өзара іс-қимыл әдістерін

міндеті тұр. Әлеуметтік желі мен алаңдағы қоғамдық талқылауды Парламент пен мәслихаттарда өткізген жөн. Керек болған жағдайда Үкімет мүшелері мен әкімдерге сенім мәселесін де көтеру керек. Барлық деңгейдегі партия депутаттарының рейтингі алдын ала дайындалған есептерге емес, нақты істер мен азаматтардың мәселелерін шешуге негізделсін. Партия популизмге салынып, орындалмайтын уәде бермеуі тиіс. Сонда Премьер-Министр мен кабинет мүшелерінен қажетті сандарды талап етуге де жол берілмейді. Егер осылай жалғаса берсе, күдік күшейіп, адамдардың партияға деген сенімі жоғалады. Мемлекет басшысы: «Мұндай көзбояушылықтың салдары адамдардың әлеуметтік көңіл-күйіне және ішкі саяси тұрақтылыққа ықпал етеді. Бұған, әсіресе, геосаяси тұрақсыздық жағдайында жол беруге болмайды. Сайлаушылармен

мүмкіндік бермеу. Осы орайда партия құрылымындағы Саяси менеджмент академиясының қызметін күшейту керектігі айтылды.

Мемлекет басшысы алға қойылған міндеттерді мейлінше қысқа мерзім ішінде орындау қажеттігіне назар аударды. Осы орайда орталық аппаратқа жұмыс тобын құрып, партияның жаңа тұғырнамасын әзірлеуді тапсырды. Аманат – озық ойлау мен әділдіктің, бірлік пен алға ілгерілеудің партиясы. Президент өз сөзінде Украинадағы жағдайға да тоқталып: «Біздің ұстанымымыз мемлекетіміздің қауіпсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз етуді көздейді. Біз екі мемлекетті келіссөз үстелінде ортақ тіл табысуға, уағдаластық пен келісімге келуге шақырамыз. Басқа жол жоқ. Жақсы жанжалдан жаман бітім артық. Бейбітшіліксіз даму болмайды», – деді.

Ресейге қарсы санкциялардың күшейтуі жағдайында Президент Үкіметке елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін нақты міндеттер жүктеді. Ел экономикасы дағдарыс жағдайында үздіксіз жұмыс істеуді қамтамасыз ету үшін санкциялық сын-қатерлерге қарсы тұруға дайын болуы керек. «Алдағы қиындықтар мен сынақтарды біз бірге еңсереміз деп ойлаймын. Олардың күрделілігін бағаламауға немесе асыра көрсетуге болмайды», – деді Президент.

Талап ТЛЕГЕН

Әлеумет.т⁰

КӨПІР САЛУ ҚИЫН БА?

Алматы – Бішкек тас жолында құйындай жүйткіген көлік 31 жастағы келіншекті қағып кетті. Қайғылы оқиғадан кейін өре түрегелген Мынбаев және Қасымбек ауылының тұрғындары тас жолдың бойындағы жүргіншілер жолағы бірнеше жылдан бері «өлім жолына» айналғанын айтады. Өйткені дәл осы маңда бір аптаның ішінде екі адамды көлік қағып, қаза тапқан. Сол үшін де тұрғындар тезірек жол үсті өткелін салып беруді талап етуде.

Адам өмірін жалмаған қайғылы оқиға 2 наурыз күні Алматы-Бішкек тас жолында болған. Жүйткіген көлік рұқсат етілген жерден өтіп бара жатқан жолаушыны бірнеше метрге ұшырып әкетіпті. Қапыда ажал құшқан Банн Жүнісбекова сол сәтте жұмыстан үйіне келе жатқан екен. Қайғыдан қан жұтқан туысқандары марқұмның соққыдан сынбаған сүйегі қалмағанын айтады. Жақында декреттік демалыстан шыққан 31 жастағы келіншектің артында аныраған жолдасы мен екі қызы қалды. Балалардың үлкені 3 жаста, ал кенжесі әлі емізулі екен.

Марқұмның кайынысы Берікжан Перенов: «Мамам қайда деп іздейді. Қайдан тауып береміз мамасын. Енді ғана жұмысқа шығып, бір ай болған еді осы Фабричныйда жұмыс істеп жүргеніне. Қағып кеткен балаларды көрдім кеше. 20 жасар баланың жүргізуші куәлігі түгелі, төлқұжаты жоқ», – дейді.

Айдың-күннің аманында жақынынан айрылған туысқандары марқұмды қара жер қойнына тапсырды. Қаралы отбасы кінәлілер заң бойынша жазаланғанын қалайды.

Ал Мынбаев және Қасымбек ауылының тұрғындары қос ауылдың тұсындағы жаю жүргіншілер жолы алты жылдан бері «өлім жолына» айналғанын айтады. Бір апта бұрын ғана осы жерден өтпек болған жап-жаз мұғалім қызды көлік қағып, ол да мерт болған.

Қасымбек ауылының тұрғыны Ермек Жакыпбеков: «Оның алдында Мынбаев ауылынан кетіп бара жатқан жас келіншек пен баланы қақты. Олар да өліп кетті. Бұл жақта тәртіп сақшылары жоқ. Жол ережесі бойынша жаюлар өтпесін деген белгі екі жүз метр алдында тұру керек. Ол жоқ бұл жерде. Жылдамдықты шектеу деген де жоқ», – дейді ашынып.

Қауіпті жолақтың зардабын тартқандар талай мәрте әкімдікке шағымданып, тас жол бойында жер үсті өткелін салып беруді өтініпті. Бірақ сөзбұйдаға түскен уәде сол күйі орындалмаған. Жергілікті шенеуніктер өткелдің құрылысы биыл ғана басталғанын айтып ақталды. Оның жұмысына республикалық бюджеттен 180 миллион теңге бөлінді.

Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Абзал Нұрпейісов: «Жол үсті көпірдің құрылысы қазір жүріп жатыр. Осы 2022 жылдың қараша айында аяқталады. Ауыл тұрғындары жылдамдықты өлшейтін, машинаға айыппұл келетін камера қойып берсеңдер дейді. Ол сауалды мен жазып алдым. Республикалық жол болғанын кейін «ҚазАвтоЖол» мекемесіне және облыстық Полиция департаментіне хат жолдадық. Жақында камера орнатып беруі керек», – дейді.

Ал тұрғындар көпір құрылысын жеделдетуді талап етеді. Қарашаға дейін қара жолдың бойында қанша адамның опат болатынын кім білсін?

Қос ауылдың тұрғындары апат жиі болатын жол бойында қой сойып, құран бағыштады. Қолдан келгені сол.

Диас НҰРАҚЫН

Аптаның ескертуі

Сатыбалды ДӘУЛЕТАЛИН,
Кәсіподақ федерациясының төрағасы:

«Арзан еңбек экономиканы құртып жатқанын ашық айту керек. Отбасын асырау үшін жұмыс күнін тиімсіз орында босқа өткізіп жүргендер көп. Лайықты еңбектің арзан бола алмайтынын түсінетін көз жетті. Еңбек лайықты бағаланбаса, жоқшылық әуелі адам санасында орнайды. Әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қорғалмаған адамдар өз құқығы мен мүддесін қорғау үшін ең шетін шараларға баруы мүмкін».



Сөз-Жебе

Дәурен АБАЕВ,
мәдениет және спорт министрі:

«Статистиканы жергілікті атқару органдары береді. Бірақ жаппай тексеру жүргізгенде жағдайдың мез емес екенін көретін шығармыз. Кейбір аймақтар ауылдың шетіндегі «жалаңаш» қақпасы бар, қоршаусыз жерді футбол алаңы деп көрсетеді».



ҚЫЗЫЛ СУДЫҢ ЖОЛЫНДА

БАТЫС
ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ –
49 ЕЛДІ МЕКЕН

СОЛТҮСТІК
ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ –
85 ЕЛДІ МЕКЕН
(6068 ТҰРҒЫНЫ БАР
1872 ҮЙ)

АҚМОЛА
ОБЛЫСЫ –
125 ЕЛДІ МЕКЕН
(13 МЫҢНАН АСТАМ
ТҰРҒЫН, 74 АВТОМОБИЛЬ
ЖӘНЕ 4 ТЕМІРЖОЛ
ҮЧАСКЕСІ)

АҚТӨБЕ
ОБЛЫСЫ –
34 ЕЛДІ МЕКЕН
(11 МЫҢНАН
АСТАМ ТҰРҒЫН)

ШЫҒЫС
ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ –
108 ЕЛДІ МЕКЕН

Аптаның сауалы

Айжан СҚАҚОВА,
Мәжіліс депутаты:

«Қазгидрометтің» болжамынша, кей аймақты су басу қаупі бар. Төтенше жағдайлар министрлігінің (ТЖМ) мәліметінше, 270 мыңнан астам тұрғыны бар 276 елді мекенге қызыл су келуі мүмкін.

Көктемгі су тасқынына қарсы жұмыстарға барлық облыс әкімдіктеріне 36,6 млрд теңге бөлінген. Ал ТЖМ бүгінгі күні су басу қаупі жоқ дейді. Бұл арада қарама-қайшылық байқаламай ма? Сонда ТЖМ алдын ала қамданбай, бейқам отыр ма?»



тікелей байланыстыра отырып, алдағы 5 жылға еңбек ресурстарына сұраныстың болжам жасалуы тиіс. Оқу орындарының бағдарламалары мен стандарттарын осы сұранысқа, жұмыс берушілердің өндірістік дағды-талаптарына сай өзгергенде ғана еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың теңгерімділігіне қол жетеді».



Сараптама

Қазіргі күрделі геосаяси ахуалды ескеріп, Үкімет пен Ұлттық банк Бірлескен іс-қимыл жоспарын құрды. Үкімет доғдарысқа қарсы, ал Ұлттық банк қаржы тұрақтылығын қолдауға арналған шараларды жүзеге асыра бастады.

ФРАНКФУРТ АУКЦИОНЫ ҒӘМ ИНТЕРВЕНЦИЯ

Ресейге қарсы санкциялардың күшейтілуі ең алдымен валюта нарығын шарпыды. 24 ақпанда теңгенің долларға шаққандағы бағамы 466,59 теңгеге жетіп, доллар бірден 29,2 теңгеге көтерілді. Осыған орай Ұлттық банк қаржы және валюта нарығына қысымды азайту үшін

ВАЛЮТА ИНТЕРВЕНЦИЯСЫ – ОРТАЛЫҚ БАНКТИҢ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАНЫ ҚОЛДАУҒА НЕМЕСЕ ӘЛСІРЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ІС-ҚИМЫЛЫ. ШЕКТЕУЛІ КЕЗЕҢДЕ ВАЛЮТАНЫ КӨП КӨЛЕМДЕ САТУ НЕМЕСЕ САТЫП АЛУ ДЕГЕНДІ БІЛДІРЕДІ. МАҚСАТЫ – ВАЛЮТА БАҒАМЫН МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІНЕ САЙ ҰСТАП ТҰРУ.

бірқатар шұғыл шешім қабылдады. 21-25 ақпан аралығында 176 млн долларға интервенция жүргізді. Бұл шара өзгермелі бағам қағидасы негізінде жүзеге асты.

28 ақпанда KASE биржасындағы валюта сауда-саттығының жалпы көлемі 159,5 млн долларды құрады. Оның жартысынан көбін Ұлттық банк сатып алды. Сөйтіп валюта интервенциясының көлемі 98,1 млн доллар немесе барлық сауданың 61,5 пайызын құрады.

Оған қоса, бас банк «Қазақстан қор биржасымен» бірлесіп, теңге-доллар жұбы бойынша сауда-саттық регламентін өзгерту



ФРАНКФУРТ АУКЦИОНЫ БАСТАПҚЫ БАҒА МЕН АҚЫРҒЫ БАҒАНЫҢ БІР-БІРІНЕН АЙТАРЛЫҚТАЙ АЛЫСТАП КЕТУІНЕ МҮМКІНДІК БЕРМЕЙДІ.

туралы шешім қабылдады. Сөйтіп 28 ақпанда сауда-саттық түстен кейін Франкфурт аукционы форматында ашылады.

Еске түсірсек, 2020 жылы 19-20 наурызда Ұлттық банк пен «Қазақстан қор биржасы» дәл осылай Франкфурт аукционы форматында теңге-доллар валюталық жұбы бойынша сауда-саттық өткізу туралы шешім қабылдаған болатын. Оған мұнай бағасының (Brent) бірден 14 пайызға төмендеуі (баррелі 25 доллар), әлемдік қор мен валюта нарығындағы құлдырау түрткі болды. Міне, екі жыл өткенде тағы да Франкфурт аукционына жүгінуге тура келді. Дегенмен бұл уақытша шара. Осы жолы сыртқы геосаяси факторларды есепке алып, валюта нарығына және ел ішіндегі қаржылық


Тимур ЖАҚСЫЛЫҚОВ,
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА
БІРІНШІ
ВИЦЕ-МИНИСТРІ:

«Қазір қандай да бір асығыс қимыл жасаудың қажеті жоқ. Теңге бағамы көтерілуі де, төмендеуі де мүмкін. Бәрі де болып жатқан жағдайға байланысты. Алдағы уақытта теңге бағамы тұрақтанып, таяу арада қалпына келуі мүмкін. Ресей рублі, әрине, отандық экономикаға белгілі бір әсерін тигізеді. Бірақ Ұлттық банк қажетті шараларды қолға алды».

тұрақтылыққа көрсетілетін қысымды барынша азайту қажеттілігінен туындап отыр.

Ұлттық банк өзгермелі бағам кезінде еркін инфляцияны ауыздықтау режимін ұстана береді. Бас банкир Ғалымжан Пірматовтың айтуынша, нарықтық бағам белгілеуге кедергі келтірмей және белгілі бір бағам деңгейінің шектелуіне жол бермей, еркін өзгермелі бағам кезінде инфляциялық таргеттеу режимін ұстануды жалғастырады. Бұл ретте қаржылық тұрақтылық үшін тәуекелдер күшейген жағдайда валюталық интервенция жүргізіледі.

ету үшін, бюджет есебінен салымшылардың депозиттері бойынша сыйақы есептеуге арналған теңге салымын қорғау бағдарламасы іске асырылады. Бұл бағдарлама бір немесе бірнеше екінші деңгейдегі банктегі, сондай-ақ «Отбасы



банктерін SWIFT хабарларымен алмасу жүйесінен алып тастауды және басқа шектеу шараларын, оның ішінде Ресейдің Орталық банкіне қатысты шектеу шараларын енгізуді көздейді. Осыны есепке алып, Ұлттық банк нақты уақыт режимінде елдер үкіметтерінің, орталық банктері мен қаржы ұйымдарының ресми мәлімдемелерін қадағалап отырады. Ресейге қарсы жаңа санкциялардың еліміздің қаржы жүйесіне ықпал ету дәрежесін бағалайды. Рубльдің шамадан тыс ауытқуының теңгеге негізсіз ықпал етуін төмендету үшін Ұлттық банк қажет болған жағдайда валюталық интервенция

Ғалымжан ПІРМАТОВ,
ҰЛТТЫҚ БАНК
ТӨРАҒАСЫ:



«Жекелеген ресейлік банктердің SWIFT-тен ажыратуы Қазақстанның ішінде төлем жүргізуге еш әсерін тигізбейді. Елдегі төлем нарығына тікелей қатер төндірмейді. Қазақстандық банктердің ел ішіндегі ақша аударымдары, клиенттік және өзіндік төлемдерді жүргізу бойынша барлық операциялар қалыпты жағдайда жұмыс істейді. SWIFT жүйесінен ажыратылған Ресей банктері клиенттерімен трансшекаралық операция жасауды қамтамасыз ету үшін өзара есеп айырысудың баламалы тетіктері қарастырылды».




ЖАҒЫМСЫЗ СЦЕНАРИЙГЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ ӨСТІ

Ұлттық банк базалық мөлшерлемесін көтеру жөнінде кезектен тыс шешімін қабылдады. Сөйтіп ол жылдық 10,25 пайыздан 13,5 пайызға өсті.

Базалық мөлшерлемесін көтеру макроэкономикалық тұрақтылық пен теңге активтерін қорғауды көздейді. Пайыздық мөлшерлемесін ұлғайту теңге мен ұлттық валютадағы активтердің тартымдылығын қамтамасыз ету есебінен ішкі валюта нарығындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге бағытталады. Қарапайым тілмен түсіндірсек, базалық мөлшерлеме көтерілгенде, несие және депозит пайыздары да өседі. Сәйкесінше, теңгенің тартымды мөлшерлемесі депозиттердің шетел валютасы салымына ойысуын тежейді.

Осы ісепті шұғыл шешім алдыңғы жылы 10 наурызда қабылданған болатын. Оған коронавирус пандемиясы және ОПЕК+ шешімі ықпал етті. Сол кезде бұл шара валюта нарығындағы алысатарлықтың жолын кесіп, теңгенің әрмен қарайғы бағамына жағымды



банкіндегі» жеке тұлғалардың теңге салымын қамтиды. 10 пайыз мөлшеріндегі өтемақы (сыйақы) әрбір банкте бір адамға 2022 жылғы 23 ақпан күнінің соңындағы қалдықтар шегіндегі жалпы сомалар, бірақ бағдарламаны іске асыру басталған кезден бастап 12 айдан кейін 20 млн теңгеден аспайтын сомаларға (салымның нақты сомасы 20 млн теңгеден аспайтын болса, сол сомалардан астам емес) көрсетілген салымдарға бір рет есептеледі. Өтемақыға (сыйақыға) жеке табыс салығы салынбайды. Екінші деңгейдегі банктегі салым мерзімінің соңына дейін, бірақ тегіс енгізілген сәттен бастап кемінде 12 ай, яғни 2023 жылғы 24 ақпанға дейін салымды сақтау сыйақыны есептеу үшін міндетті талап болып табылады. Егер салым мерзімі өтемақы (сыйақы) төленгенге дейінгі кезеңде аяқталса, депозит осы бағдарламаның аяқталу мерзіміне дейін ұзартылуы тиіс. Салымды ішінара алу кезінде өтемақыны (сыйақыны) төлеу жоғарыда көрсетілген лимиттерді ескере отырып, ақша алынғаннан кейін салым қалдығының сомасына жүзеге асырылады. Жұмыс арада Үкімет пен Ұлттық банктің тиісті актілері қабылданады. Бағдарламаға қатысу үшін салымшы өзінің депозиті салынған екінші деңгейдегі банкке барып өтініш беруі қажет.

Ескеретін жәйт, бұл бағдарлама ағымдағы және карточка шоттарын, талап етілгенге дейінгі депозиттер мен шартты депозиттерді қамтамасыз етеді.

ТӨЛЕМ НАРЫҒЫНА ҚАУІП ЖОҚ

26 ақпанда Ақ үй Еуропалық комиссия, Франция, Германия, Италия, Ұлыбритания, Канада және АҚШ көшбасшыларының Ресейге қатысты бұдан былайғы шектеулі экономикалық шаралар туралы бірлескен мәлімдемесін жариялады. Бұл шаралар Ресейдің жекелеген

Андрей ЧЕБОТАРЕВ,
қаржы сарапшысы:

«Қазір доллар сатып алу керек пе? Оны әркім өзі шешсін. Бірақ мен қарызға алған ақшамен валюта сатып алмауға кеңес беремін. Нарықты алдау үшін несие алудың реті жоқ. 99 пайыз жағдайда майныңызда қарыз қалады».

әсерін тигізген-тұғын. Жағдай тұрақтанған соң базалық мөлшерлеме қайта төмендетілді.

Енді, міне, биылғы ақпан және наурыз айларына қысқа мерзімді депозиттер бойынша ұсынылатын ең жоғары мөлшерлемелер көтерілді. Мерзімді депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлеме ақпан мен наурызға 12 айға, жинақ салымдары бойынша наурызға 12 айға ұлғайтылды. Бұл өзгеріс 24 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді.

ТЕҢГЕ ДЕПОЗИТІ ТАРТЫМДЫ

Қаржы нарығының тұрақтылығы мен теңге депозитінің тартымдылығын қамтамасыз

Депозиттер санаты	Толықтырылмайтын депозиттер бойынша, %		Толықтырылатын депозиттер бойынша, %	
	Ақпан[1]	Наурыз	Ақпан ¹	Наурыз
Мерзімсіз депозиттер	13,0▲	13,0▲	13,0▲	13,0▲
Мерзімді депозиттер				
3 ай	13,5▲	13,5▲	13,0▲	13,0▲
6 ай	13,5▲	13,5▲	13,0▲	13,0▲
12 ай	13,5▲	13,5▲	13,0▲	13,0▲
24 ай	9,4	9,4	9,2	9,2
Жинақ депозиттер				
3 ай	14,0▲	14,0▲	13,5▲	13,5▲
6 ай	14,0▲	14,0▲	13,5▲	13,5▲
12 ай	14,9	14,9▲	13,7	13,7▲
24 ай	12,2	12,2	11,4	11,4

Дереккөзі: Ұлттық банк

Әлібек ҚУАНТЫРОВ,
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА
МИНИСТРІ:

«Біз бір-екі банкке ғана байланып қалған жоқпыз. Қазақстан да SWIFT-нің бөлсенді қатысушысы. Егер өлңдегі жағымсыз сценарий жүзеге асса, тығырықтан шығатын жол табамыз».

жүргізеді. Интервенция көлемі мен жиілігі ішкі валюта нарығындағы жағдайға байланысты.

Ресейдің қаржы хабарламасын жіберу жүйесі (СПФС) SWIFT-ні алмастыра алады. Ресей орталық банкінің төрайымы Эльвира Набиуллина оған шетелдік қатысушылар да қосыла алатынын мәлімдеді.

Шындығын айтқанда, бүгінге дейін SWIFT дегеннен не екенін көп адам біле бермейтін. Аз-кем түсініктеме бере кетейік.

SWIFT (Society for Worldwide Interbank Financial Telecommunications) «дүниежүзілік банк аралық байланыс арналарының қоғамы» деп аударылады. Бұл – төлем жасауды жеңілдететін халықаралық банк жүйесі. Бірақ ол ақша емес, хабарлама жібереді. Бұл жүйе бұрынғы байланыс арналарын біріктіріп, жаһандық желіге айналды. Ол арқылы хабарлама жөнелту жылдам, әрі мұнда құпиялық сақталады. Осы жүйе арқылы орта есеппен күн сайын 40 млн хабарлама өтеді.

Қаржы сарапшысы Андрей Чеботарев өзінің FINANCEkaz телеграм-каналында мұның еліміз үшін қандай кері әсері бар екеніне тоқталды. Оның айтуынша, ең бірінші және тікелей қауіп – Ресеймен өзара сауда-саттық баяулайды. «Ресейді SWIFT-ден ажыратса, мұндай төлемдер өтпей қалуы мүмкін. Банктер арасында тікелей келісім болмаса» дейді сарапшы. Оған қоса, Ресей импортының үлесі азаюы мүмкін.

Freedom Holding директоры Тимур Турлов өзінің Фейсбук парақшасында оған мынадай түсініктеме берді: «Бұл банкаралық банк-клиент. Әлемдегі барлық банктер үшін қауіпсіз әрі жылдам ақша аударымына хабарлама алмасуға мүмкіндік береді. Осы жүйенің көмегімен банктер шетелдегі серіктестеріне қаржы аудару, конвертация жөнінде бұйрық береді. Келісімді бекітеді, клиенттер үшін кепілдеме береді. Жүйенің өзі ешқандай қаржы аудармайды. Ол жай ғана коммуникация құралы».

SWIFT жүйесінен ажырату қаржы аударымын жояды дегенді білдірмейді. Дәл соның өзіне тыйым салатын қосымша санкция болмаса, әрине.

Гүлнар АХМЕТОВА

Геэкономика

JP Morgan Stanley корпорациясының сарапшылары тура бір ай бұрын «қара алтын» құнына қатысты болжам жасаған. Американдық алпауыттың аузы дуалы айтқыштары биылғы үшінші тоқсанда (шілде – қыркүйек) бір бөшке май 100 долларға сатылады деген.

Мұхиттың арғы жағындағы мамандардың болжамы ақпан аяқталмай жатып расталды. Тіпті күткеннен де асып түсті. Сәрсенбі күні Лондон биржасында (ICE Futures) танертенгі сауда-саттықта Brent маркалы мұнай бағасы 110 долларға жетті. Бір күн бұрынғы мөлшерден 5,45 пайыз қымбат. Бұл «қара алтын» мамыр айында осындай бағамен сатылады дегенді білдіреді. Мұндай баға соңғы рет 2014 жылы тамызда байқалған еді (бейсенбіде мұнайдың 1 баррелі 116 доллардан асты).

Ал Нью-Йорк биржасында сәуірге арналған WTI маркалы мұнай құны әлгі көрсеткішке сәл жетпей (108 \$) қалды. Бүгінгі беймаза әлемдегі аса күрделі геосаяси ахуалды ескерсек, көмірсутегі шикізаты әлі талай тосын «сыйды» көлденең тартатын сияқты. Өйткені күні кеше әлемдегі аса ірі инвестициялық банктің бірі – Goldman Sachs (АҚШ) сарапшылары жасаған болжамға жүгінсек, наурызда кара май 115 долларға сатылады. Олар Ресейден әкелінетін қуат көздерін жаппай шектеу нарыққа ауыр зардабын тигізетінін жокқа шығармайды. Мұндай жағдайда мұнайға деген тәуліктік сұранысты 4 млн баррельге азайтуға тура келеді. Тіпті кара май керуенін Шығыс елдеріне қарай бағыттағанның өзінде ахуал

бойынша, Ресей Американың тұтыну нарығына «қара алтын» жеткізетін елдер арасында екінші орын алды.

Ғаламдық нарық осы жетіде өтуі тиіс Мұнайды экспорттаушы елдер ұйымы мен «қара алтын» өндіруші мемлекеттердің (ОПЕК+) жиынын асыға күтуде. Айта кеткен жөн, осы бейресми ұйымға біздің еліміз де кіреді. Басқосуда алдағы сәуір айына арналған өндіріс көлемі айқындалуы мүмкін. ОПЕК+ елдері былтырғы жаздан бері кара май шығаруды тәулігіне 400 мың баррельге арттырып келеді. Мұндай қадам пандемия кесірінен дағдарысқа ұшыраған әлемдік экономиканы тұрақтандыру мақсатымен қолға алынған еді.

Осы арада айта кеткен жөн, қуат көзінің тағы бір түрі газ өңірлерге бұл ақсолтай жаналық. Қоры сарқылғуға айналып, кара майды шыныраудан шығаратын, соның салдарынан өнімнің өзіндік құны қымбатқа түсетін байырғы кеніштер таза пайдасын еселейді. Мұнайшының айлығы мен шайлығы жөнінде еркін сөз қозғай аласың. Бюджет бүйірінің тоқ болуы жаңа кен орындарын табуға да мүмкіндік береді. Жакында «ҚазМұнайГаз» компаниясы қойнауы құт Манғыстауда қоры 40 млн тоннаны құрайтын жаңа кеніштің табылғанын хабарлады. Демек ұлттық компанияның қазіргі басшылығы келешекті ойлап, бір кездері мүлдем ұмытылуға аз қалған геологиялық барлауға көбірек мән бере бастады.

Дегенмен бағаның өсуі тек шикізатқа қарап отырған елдердегі түйткілдің бәрін шешпейді. Мұнай ырзығы құлды құмсағат сықылды. Көл-көсір дүниенің қайда кеткенін иесі сезбей де қалады. Ал жөнімен жұмсағандар шикізаттың шырмауына түспеуді ойлайды. Өндіріс ошағын ашады,

Иранның терістігінде жанар-жағармай тапшы. Каспий теңізіндегі төте жол арқылы тікелей жеткізуге болады. Өкінішке қарай, экономикадағы диверсификация мен уақыт өткен сайын күрделене түскен әлеуметтік түйткілдерді шешуге ықпал ететін осы бастама қолдау таппады. Төртінші зауыт салынбай қалды. Үкімет оның орнына елдегі үш мұнай өңдеу зауытын жаңғыртып, өндіріс қуаты артағанын мәлімдеді. Алайда сол кәсіпорындардың бірінде жөндеу басталса, жанармай тапшылығы жағадан алатын болды.

«Түні бойы ойын-сауық мастықта, күндіз болса, қалың ұйқы, жастықта». Әдебиеттанушылар бұл тенеу мөшһүр шығармаларымен әйгілі Шекспирге тиесілі дейді. Сөз зергері той-думаннан қолы босамайтын кейіпкерін осылай сипаттаған екен. XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың басында, әрине,

«ҚАРА АЛТЫН» БАЗАРЫ немесе ҚҰМСАҒАТ



«қазба байлықтың қарғысы» дейтін ұғым әлі дүниеге келмеген. Ол кездегі жуан мен шонжардың аңсағаны – алтын мен күміс. Шикізатқа тәуелді елдерді шарпатын «Голланд кеселі» мен осы терминді ойлап тапқан оқымыстыға таяуда тоқталғанбыз. Ричард Аутиге салсақ, жер қойнауындағы байлықты қымбат бағаға сатудан түскен ырғын ақша адам бойында еңбекке деген құлшынысты жояды. Енжарлық, жалқаулық, масылдық, азғындық сияқты жаман әдетті қалыптастырады. Ұлы Абай еңбексіз мал табуға әуестікті «Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман» деп суреттеген. Қаржыдан қысыла қалса, дереу несиеге жүгінетін бүгінгінің аларманы – кредитомен. Ақшамен, қымбат дүниемен мақтану сәнге айналады. Ал тек шикізатқа тәлімгер мемлекет кәсіптің өзге түрін игеруге құлықсыз. Мұндай «қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын» заманда қолы ұзын қарпып қалады. Жемқорлық тамырын терен жаяды.

Ғаламды алаңдатқан геосаяси текетірес те аяқталар. Жаңа Қазақстан экономикасы әр тарапты, сан салалы, шикізат қана емес, қарапайым заттан бастап, заманауи құрал-жабдық өндіретін, озық технологияға арқа сүйейтін алдыңғы қатарлы елге айналатын күнге де жетерміз.

Срайыл СМАЙЫЛ,
экономикалық шолушы



оналмайды. Себебі тасымал уақыты 12 күнге ұзарды. Бұл тәулігіне 90 млн баррельден қағылады деген сөз. Вашингтон да осы және өзге факторларды ескерген секілді. Ақпарат құралдары Blumberg TV-ге сілтеме жасай отырып, американдықтардың осы мәселе бойынша ұстанымын жариялады. Телераунаға сұхбат берген Мемлекеттік департаменттің энергетикалық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Амос Хохштейн өз елінің Ресейдегі мұнай секторына санкция енгізуі жоспарда жоқ екенін мәлімдеді. Оның пікірінше, шектеу қуат көздері құнын шарықтатып жіберуі мүмкін. Хохштейн мырза «шөміштен қағу» амалы жүзеге асқан жағдайда «Ресей бізге өз өнімдерінің тек жартысын ғана сатады. Оның өзінде екі есе бағаға» дейді. Американдықтардың алаңдауы бекер емес. Бірер нөмір бұрын газетімізде екі ел арасында саяси сахнада текетірес жүріп жатқан соңғы бірнеше айда Мәскеуден мұхиттың арғы жағындағы алып мемлекетке жеткізілетін «қара алтын» көлемі күрт артқанын, ал жанармай (дизель отыны) экспорты 1,5 млн баррельге жеткенін жазабыз. Тағы бір дерек. Өткен жылғы көрсеткіш

бағасы аспандады. Қазір кәрі құрлықта «көгілдір отынның» текше метрі үшін төленетін ақы 2000 доллардан асып кетті. Ал Ресей газын украин жері арқылы Еуропаға апаратын құбыр желісі тоқтаусыз жұмыс істеп тұр.

Болжамы бұрыс кетпей тұрғандарға «аузына май» деуге асықпайық. Баға – баянсыз. Кез келген уақытта құбыла салады. Бұған 1997, 2008 және 2020 жылғы дағдарыста көзіміз анық жеткен. Біздің үкімет геосаясаттағы дүрбелеңге дайын. Дағдарысқа қарсы жоспарын жариялады. Қоржында, әдеттегідей, үш сценарий бар. Базалық, пессимистік және оптимистік. Өлшемі белгіленді. Бізде бюджеттің кірісін есептегенде негізгі параметр ретінде «қара алтын» құны ескерілетіні белгілі. Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров осыған орай былай дейді: «Егер мұнай бағасын 70 доллар деп қарастырсақ, осының өзі Ұлттық қорға қосымша кіріс әкеледі. Бір бөлігі бюджетке де түседі».

Қазынасы «қара алтынға» қарап отырған біздің елге, әсіресе, жұрт тайлы-таяғымен тек мұнайға барғысы келетін Жанаөзен секілді

құрал-жабдық жасайды, тұрақты табыс көзін табады. Содан болар, қыс қамын жаз ойлағанның ширақ шаруадай қашанда көңілі тоқ.

Білікті мамандар сол кара майды шикізат ретінде пайдаланып, мұнай өнімдерін шығару ең тиімді жол екенін көптен бері айтып келеді. Солардың бірі – Алик Айдарбаев. «ҚазМұнайГаздың» қазіргі басшысы – Манғыстауда ұзақ уақыт жұмыс істеген кәсіби мұнайшы. Саланың жай-жапсарын жетік біледі. Әкім боп тұрған кезде төртінші мұнай өңдеу зауытын басқа жақта емес, дәл осы Манғыстауда салуды ұсынды. Оның тиімділігін нақты дәлел-дерекпен дәйектеп беріп еді. Біріншіден, сырттан тасымалдың дайын өнім шығарылады. Екіншіден, жаңа жұмыс орындары ашылып, жұмыссыздық азаяды. Үшіншіден, өңірдің көрші облыстарға ғана емес, тіпті шетелге бағытталған экспорттық әлеуеті артады. Өйткені тақау жатқан



Қолдау

XXI ғасыр ақпараттық және жаңа технологиялар дәуірі болғандықтан, кітапхана ақпарат орталығы ретінде өз оқырмандарының кез келген сұранысын өтей алуы тиіс.

Ел ішінде зағип және нашар көретін жандар жетерлік. Осы ерекше жандарға 17 арнайы кітапхана қызмет көрсетеді. Бұл кітапханалар – көзі көрмейтін және нашар көретін жандарға қызмет көрсететін ақпараттық-инновациялық, қоғамдық рухани, мүмкіндігі шектеулі жастардың шығармашылық қабілетін дамытып, білімін жетілдіру, бос уақытын тиімді өткізуге бірден-бір жағдай жасайтын мәдени орталық.

ЗАҒИП ЖАНДАР КІТАП ОҚЫҒЫСЫ КЕЛЕДІ

Республика бойынша көру қабілетінде кемістігі бар мүмкіндігі шектеулі тұрғындар саны – 85 мыңға жуық. Оның ішінде I топ санатында – 16 371, II топта – 14 599, III топта 51 292 адам тіркелген. Олардың бәрі мемлекет пен қоғамның қолдауына мұқтаж.


Арнайы кітапханалардың зағип жандар үшін ақпарат беретін негізгі қайнар көзі – бедерлі-нүктелі қаріпті (Брайль жүйесіндегі) кітаптары. Адам ақпараттың 90 пайызын көзбен көру арқылы қабылдайды. Зағип жандар бұл қабілет жоқ. Әрбір адамның өмірге өз көзқарасын қалыптастыруы, өз орнын табуы, мамандық алуы және тағы басқа қажеттіліктерін қанағаттандыруы үшін заман талабына сай өздерін дамыту қажет. Мұның бәрі көп оқуды талап етеді. Көз жанарынан айрылып, айналасындағы әлемді саусақ ұшымен ғана танытын ерекше зағип жандардың көңіліне демеу болатын Брайль жүйесіндегі кітаптар, өкінішке қарай, өте тапшы.

Еліміздегі зағиптарға арналған арнайы кітапханаларда көру қабілеті нашар адамдар үшін аймақтың ақпараттық ресурстарға, ең алдымен,

оқу материалдары мен ақпарат құралдарына, кәсіби қызметке қажетті құжаттарды және көркем әдебиетке келергісіз және толық көлемде қол жеткізу үшін бедерлі-нүктелі қаріптегі кітаптар шығаратын баспахана өте қажет.

Әсіресе, балаларға арналған кітаптарды көбейту керектігіне тоқталмай кетуге болмайды. Брайль шрифтімен оқуды үйренген бала кітапты өзінің қабілетіне қарай, мағынасына және қолының өлшеміне қарай таңдай алады. Мұндай кітаптар балалар үшін жоқтың қасы. Брайль шрифті қанша адамға өмірден өз орнын табуға көмектесері сөзсіз.

Елімізде, бедерлі-нүктелі қаріптегі кітаптар, әсіресе, қазақ тілінде тапсырыспен шығаратын баспахана жоқ болғандықтан, зағип жандарға арналған арнайы кітапханаларда оқырмандардың сұраныстарын



өз денгейінде қанағаттандыру мүмкін болмай отыр.

Біраз бедерлі-нүктелі қаріптегі кітаптар ресейлік «ЧУ ИПО Чтение ВОС», «Логос» және «МИПО Репро» баспаханаларынан қымбат бағамен сатып алынады.

Алдағы уақытта елімізде бедерлі-нүктелі қаріпте (Брайль шрифтімен) кітап шығаратын осындай баспахана ашылып, зағип жандарға қызмет көрсететін кітапханалар жұмысын сұранысқа сай, өз денгейінде атқарса деген тілегіміз бар.

Кітап – адамның, әсіресе, зағип жандардың рухани досы, жанына азық берер жолдасы. Жаңа технология қарыштап дамып, адамзаттың интернет желісіне тәуелді болған ғасырда Брайль жүйесіндегі кітап өнімдерін шығаратын баспахана мәселесі шешіледі деген үміттеміз. Себебі қоғамда ерекше жандар саны жылдан-жылға өсіп келеді, сондықтан олар үшін нүктелі-бедерлі қаріптегі кітаптар өз өзектілігін жоймайды. Кітап қоғамның үлкен сұранысында екенін ескерсек, кейін де бұл мәртебесінен түспейтіні анық.

Захра МАХАНОВА,
Зағип жандарға арналған кітапхана қызметкері





1 наурыз – Алғыс айту күні

(Басы 1-бетте)

Еңбек ардагері, 89 жастағы Садыр Хасанов: «1944 жылы 12 жастағы бала едім. Қараша айының ызғарлы түндерінің бірінде Сталиннің сұп-суық әскері келіп, бала-шаға, әйелдерді, ахысқа түріктерінен басқа көптеген ұлт өкілдерін де мұздай вагонға күштеп алып кетті. Пойыздан түскенде бізді қазақ халқы күтіп тұр екен. Ат арбаларға тиіп, үйлеріне апарып, қоныс берді. Әрқайсысымызға бір-бір құрт пен нанын беріп, әл жинағанымыз әлі есімнен кетпейді. Қиын-қыстау кезеңде бізді паналатып, аман қалуымызға көмектескен қазақ халқына айтар алғысымыз шексіз. Менің немерелерімнің көбісі түрік тілін білмейді де. Өйткені біз қазақ халқымен біте қайнасып кеткенбіз», – деді.

құндылықтарымызды бағалауға үйретті. Тұрғындарға құрт пен бауырсақ үлестірудің маңызы зор. Қазақы дастарханның ең

Осынау іс-шараны ұйымдастырған Жастар ресурстық орталығының басшысы Мағжан Исахов көктемнің алғашқы мерекесі Алғыс айту күнінің өмірімізге енгенін тілге тиек етті: «Бұл мереке игі дәстүрге айналды. Ел халқының ынтымағын арттырып, ауызбіршілігін нығайта түсуге септігі мол. Қиын-қыстау жағдайда жабыққанда жебеу, тарыққанда демеу болып, бір-біріне қол ұшын созып көмек көрсету – халқымыздың қанында бар ізгі қасиет. Алғыс айту мерекесінің басты мақсатының бірі – өскелең



ТАРАТТЫ ЖАСТАР ЖАДЫРАП, МИЛЛИОН ҚҰРТ ПЕН БАУЫРСАҚ...



Шаһар басшысының бірінші орынбасары Шыңғыс Мұқан көктемнің алғашқы жаймашуағымен бірге көңілге қуаныш сыйлайтын, ізгілік пен құрметке толы Алғыс айту күнінің маңыздылығын былай жеткізді:

«Бұл мереке түрлі тарихи кезеңдер мен оқиғалардың салдарынан қазақ жеріне қоныс аударған этнос өкілдерінің мемлекет құраушы қазақ халқына құрмет көрсететін, қамқорлығы мен мейірбандығы үшін алғыс айтатын күні. Бірақ мерекенің ауқымы мұнымен шектелмейді. Біз бұл күні ақ жаулықты аналарымызға, ақ сақалды қарияларымызға, айналасындағы адамдардың игілігі мен елдің дамуы үшін тынбай еңбек етіп жүрген азаматтарымызға алғыс айтуды, ризашылығымызды білдіруді дәстүрге айналдырып келе жатырмыз».

Жастар қаладағы ірі сауда орталықтары мен Арбат, Орталық, Абай саябақтары және Әуешай, Самал, теміржол вокзалы маңы, Теріскей мөлтекауданы, Студенттер қалашығында құрт, бауырсақ таратты. Бұл игі іске атсалысқан ерікті жастардың ішінде Шымкент қалалық политехникалық және «Болашақ» колледжінің студенттері де болды.

Политехника колледжі техник бағдарламашы мамандығының 2-курс студенті Айлана Көмекбай: «Мерекелік іс-шара ерікті жастардың өмірге құштарлығын арттырып, ұлттық



кадрлі асы – құрт пен бауырсақ. Қазақ тілінде бауырсақ бауырмал, үйірсек,

Ресейдің Воронеж қаласынан Виктория Вертеева: «Бірлігі жарасқан Қазақстан – көпке үлгі. Мен Қазақстанда туып-өсіп, татулық пен бірлікті көріп өскенім үшін Қазақ халқына алғыс білдіремін», – деді.

Түркияның Анкара қаласынан Санжар Әбдімәжитов: «Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Менің туған жерім – Қазақстан! Бейбітшілік пен татулықты серік еткен қазақ еліне алғысым шексіз!» – деп ізгі тілегін жеткізді.

Ресейдің Краснодар қаласынан Валентина Жеребуова: «Мен көпұлтты мемлекетте туып-өскеніме қуаныштымын! Мен өте қонақжай қазақ халқымен бірге өмір сүргенімді



жақын деген сөзден шыққан. Нанның ішіндегі ең қунарлысы батырма дейтін. Оны құрт, ірімшік, қант, көмпітпен бірге дастарханға қояды. Біз қала тұрғындарына

Этноауылдағы мерекелік дастарханнан сарқыт таратып, олардың алғысына бөлендік. Біз үшін бұл ерекше есте қаларлық сәт», – деп өз әсерімен бөлісті.

Ал «Болашақ» колледжінің 2-курс студенті Альбина Жанарбек тұрғындардың құрт пен бауырсақты тосын сый ретінде жылы қабылдағанын айтты.

«Бауырсақ пен құрт таратуға мен де өз үлесімді қостым. Тұрғындардың қуанышына қарап өзім де мәз болдым. Күні бойы езуімнен күлкі кетпеді. Біз, белсенді жастар, осындай игі істерді атқаруға әрқашан дайынбыз», – дейді Альбина.



мақтан тұтамын!» десе, Өзбекстанның Ташкент қаласынан Әзізбек Одилов: «Қазақстан бірлігі мен татулығы жарасқан бауырмал ел».

Австралияның Сидней қаласынан Аружан Жанабаева: «Осындай көпұлтты қазақ еліне алғыс білдіремін!» – деп ақ тілегін арнады.

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы

Жұмыспен қамту

Бүгінде ел тұрғындарын әлеуметтік қолдау, сондай-ақ жұмыспен қамтуға басымдық берілген. Әсіресе, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» бағдарламасы талай жанның кәсібін ашып, несіп табуына, жаңа жұмыс орындарына орналасуға мүмкіндік беруде.

ЕҢБЕКТИҢ ӨНБЕГІ БАР



Алматы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, ағымдағы жылы аймағымызда аталған бағдарламаны іске асыру үшін 18,9 млрд тенге қарастырылған. Мемлекеттік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпкерлікті қаржыландыру, жұмыссыздарға қолдау таныту, жастарды мамандығы бойынша жұмысқа орналастыру бағытында да жақсы бастамалар мол. Тұрғындарға төмен пайызбен ұзақ мерзімге несиелер беріліп, пайыздық мөлшерлемелері субсидияланып, банк талап еткен кепілзат жетпеген жағдайда кепілдік ұсынылуда.

Айталық, бағдарламаның бірінші бағыты шеңберінде 2457 адам оқуға жіберіліп, 1391-і оқуын аяқтап, 893 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Бағдарламаның екінші бағыты шеңберінде адамға 200 АЕК мөлшерінде 716,4 млн тенгеге грант берілген. Бағдарламаның үшінші бағыты шеңберінде 1700-ден астам жас маман «Жастар практикасы» бағдарламасына қатысып, 1400-ден астамы түрлі мекеме, кәсіпорынға тұрақты жұмысқа орналасқан. Олардың айлық еңбекақысы 72 мың теңгені құрады.

«Жастар практикасы» бағдарламасының шарапатын көргеннің бірі – Нұрай Бабажан.

Ол өткен жылы Талдықорған агротехникалық колледжін бітіріп, облыстық жастар ресурстық орталығына 6 ай жастар практикасы бойынша жұмысқа тұрды. Осы уақытта белсенділігі, білімі, біліктілігімен



өзін тәжірибелі маман ретінде көрсете білді. Нәтижесінде тұрақты жұмысқа орналасты.

Биылдан бастап «Жастар практикасы» бағдарламасының мерзімі ұзартылды. Президент осындай тапсырма беріп, еңбекақы мөлшерін ұлғайтуды талап етті. Жоба мерзімін 12 айға ұзарту көзделіп, жалақы 30 айлық есептік көрсеткіш бойынша есептелмек. Бұл шамамен 91 мың теңге. Бұл жұмысқа орналаса алмай жүрген жастар үшін үлкен қолдау әрі өзінің білім-қарымын көрсетуге зор мүмкіндік.



Нұрай БАБАЖАН,
облыстық жастар ресурстық орталығының маманы:

«Бұл бағдарлама оқу орнын аяқтаған жастар үшін үлкен мүмкіндік. Еңбек бағдарламасы аясында 6 ай тәжірибеден өттім. Бұл менің алғашқы еңбек жолымды бастауға түрткі болды. Сондықтан жастар ешқашан өз мүмкіндігімізді жіберіп алмай, мемлекет тарапынан жасалып отырған қолдауға сүйенуіміз керек».

Ашығын айтқанда, жастар кәсіпкерлігін мемлекеттік қолдау жеткілікті. Инновациялық та, әлеуметтік жобаларды қолдаудың да сан түрлі жолы бар. Кәсіпкерліктен кемелді жол табу азаматтардың сауаттылығы мен іскерлігі, еңбексүйгіштігімен тікелей қатысты. Халқымызда: «Жас келсе, іске» деген нақыл бар. Бүгінгі жастар қолданылмалы техниканы толық біледі, инновациялық бағытта жұмыс істей алады, қолға алған әр бастамасынан үлкен нәтиже шығаруға күш-қуаты жетерлік. Сондықтан екі қолға бір күрек таба алмай жүрген азаматтар шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын тереңірек зерделеп, бизнес бастаудың жолдарын үйреніп, оны нәтижелі іске асырса, алынбайтын қамал жоқ. Ал жастардың жаңашыл идеялары айналып келіп, ел экономикасын өркендетуге ықпал ететін болады.

Қажат АНДАС,
Алматы облысы

1 наурыз – Алғыс айту күні. Байтақ елімізді мекендеген түрлі ұлт пен ұлыс өкілдері қиын-қыстау кезеңде терін ұсынған қонақжай қазақ халқына ризашылығын білдіруде. Солардың бірі – көрістер.

Көрістердің туған топырағынан тамырын үзіп жат жұртқа қалай жеткені турасында зерттеушілердің бірі – Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Азиялық зерттеу институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Герман Ким.

Білікті ғалымның алғыс айту күніне орайластырып, редакциямызға жолдаған зерттеу еңбегінде жер еміп өскен көріс ұлтының қазақ даласынан қалай пана тапқаны айтылады.

Көрістердің қазіргі Ресей аумағына қоныс аударуы ертеден белгілі. Арғы көріс мемлекеттерінің өмір сүргені де ежелден мәлім. Мысалы, Когурё мемлекеті. Оның аумағы Корея түбегінің шекарасынан әлдеқайда асып түсті. Ол қазіргі Қытай мен Қыыр Шығыстағы кең аумақтарды алып жатты. Мың жылдық тарихы бар тағы бір мемлекет – Бохай немесе Пальхе кең аумақты алып жатты. Кейін осы аумақтар

автоматты түрде көрістерге де беріледі. Сол кездің өзінде орыс қоныстанушыларының арасында «сары қауіп», yellow peril туралы әңгімелер болған. Сол уақытта қытайлар Маньчжуриядан Ресейдің Қыыр Шығысына келіп, өздерінің қала бөлігін сол жерде құрды. Ресей орыс-жапон соғысында жеңіліс тапқаннан кейін, көрістерді шекара аймағынан бірнеше рет қоныстандыру әрекеті жасалды. Адамдардың көпшілігі солтүстікке



БІЗ ЭТНОС РЕТІНДЕ ЖОҒАЛЫП КЕТПЕЙМІЗ, ЖАЙ ҒАНА ӨЗГЕРЕМІЗ НЕМЕСЕ БАСҚА ТІЛДІК КОДҚА КӨШЕМІЗ. ЕГЕР БІЗ КӨРІС ҰЛТЫНЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ ДӘСТҮРЛЕР МЕН АНА ТІЛІН БІЛЕТІН ЖАЛҒЫЗ ӨКІЛІ БОЛСАҚ, ОНДА МӘСЕЛЕЛЕР ӘЛДЕҚАЙДА ӨТКІР БОЛАР ЕДІ. ЖАҚСЫ МА, ӘЛДЕ ЖАМАН БА... БІЛМЕЙМІН, ШАМАСЫ, ТЕК ӨКІНУГЕ БОЛАДЫ, БІРАҚ БҰЛ ПРОЦЕСТІ РЕТТЕУ МҮМКІН ЕМЕС. СОҢҒЫ УАҚЫТТА, МЫСАЛЫ, КӨРІСТЕР МЕН ҚАЗАҚТАР АРАСЫНДАҒЫ НЕКЕ ЖИІЛЕП КЕТТІ.

Бұл тек Қазақстандағы көрістерге ғана қатысты емес. Бұл жалпы барлық көрістерге қатысты. Көрістердің жаңа жағдайларға бейімделуінің ерекше қабілеті бар. Экологиялық қана емес, саяси, әлеуметтік, экономикалық бейімделу. Бейімделуден кейін аккультурация жүреді, яғни басқа адамдардың мәдениетін,

ҚАЗАҚТЫҢ ҚҰШАҒЫ ДОС БОЛҒАНҒА ҚАШАНДА АШЫҚ



Қытай үкіметіне өтті және Корея ұзақ уақыт бойы Қытайдың ресми бағынышында болды. Әрі қарай, көші-қон кезені – бұл XIX ғасырдың аяғындағы белгілі кезең. Шындығында, Қыыр Шығыстың аумағы ол кезде ешкімге тиесілі болмаған. Онда ішкі Қытайға жатпайтын маньчжурлар болды. Бейжін және Айгун келісімшарттарына қол қойылған кезде ғана межелей бөлу басталды. Біз Приморье, Хабаровск деп атайтын өлке заң бойынша Ресей империясының иелігіне өтті. Алғашқы көріс қоныстанушылары 1863 жылы орыс құжаттарын алды.

Осыдан кейін қоныс аудару толқындары басталды. Оның бірнеше себебі бар. Ең бастысы – Корея түбегінің солтүстік бөлігінде билік еткен ашаршылық. Солтүстік Хамген провинциясы немесе Хамген Букдо – бүгінде Орталық Азия мен Ресейде тұратын барлық көрістердің тарихи отаны.

Олар биліктің қанауынан, аштық пен қысымшылықтан бас тартты. Қашудың нағыз

мыңдаған шақырымға қиыр жайлап шатырын тікті. Мәселен, Қыыр Шығыс өзегінен едәуір қашықтықта орналасқан Благословенное ауылы пайда болды.

Алайда патша өкіметі өз жоспарын толық жүзеге асыра алмады. Бұл әлі жер аудару емес, бізді алыстатуға деген ұмтылыс еді.

Кеңестік кезеңдегі аласапыранды айтсақ, бұл да қарадүрсін бағалаумен ашылмайды. Барлығы Сталин шешім қабылдады және жер аударды деп айтады. Шындығында, қоныс аудару идеясы Ленин кезінде де болған. Бұл мәселенің

поляктар және орыс кулактары жер аударылды. Көрістердің 187 мыңы жер аударылды – бұл көп емес еді. Көрістерден кейін басқа халықтар да жер аударылды деп болжанған. Жалпы, жер аудару, дәлірек айтқанда, оның техникалық бөлігі ойластырылған және сауатты жүзеге асырылды. Әсіресе, көрістердің көпшілігі келген кезде азап шеккен – күз болды, салқын болды, тамақ, дәрі-дәрмек жетіспеді, айналадағылар жат және ерекше болып көрінді.

Қазақтар бұрынғы КСРО-ның басқа халықтарынан несімен ерекшеленеді? Олардың

тілін, менталитеті мен әдеттерін дамыту. Көрістер мұны барлық жерде көрсетеді. Екінші және үшінші буындағы жастарымыз тілдік кодты, өмір салты мен ойлауды өзгерті. Бұл тіпті орыстандыру емес, стандарттау. Бірақ егер біз еуропалық кәстөм киіп, өзімізді Хангук сарам емес, Коре сарам деп атайтын болсақ (*Оңтүстік көрістер – Г.К.*), біз одан кем көріс болып кетпейміз.

Тілді жоғалту одан да қауіптірек. Бірақ бұл біздің кінәміз емес, сорымыз. Біз белгілі бір дәрежеде homo soveticus, кеңестік адамдар болдық. Өзбек көрістері одан аз зардап шекті. Қазақстандық көрістер Өзбекстан көрістерінен несімен ерекшеленеді? Сексенінші жылдарға дейін Өзбекстандағы көрістер салыстырмалы түрде жинақы, көріс колхоздарында өмір сүріп, корей тілін сақтай алды.

Қазақстандағы көрістер ауыл шаруашылығымен айналысу тиімсіз бола салысымен тез урбанизацияланып, жақсы білім алу үшін үлкен қалаларға қоныс аударды. Көрістердің 90 пайызы 50 жыл бұрын ауылдарда тұрса, бүгінде 90 пайызы қалаларда тұрады. Ал қала – дарашылдық. Көрістер өте дарашыл бола бастады. Бұл ұлттаралық неке санына да әсер етті, олардың пайызы көрістер арасында өте жоғары. Көбінесе, бұл некелерден өздерін белгілі бір ұлттың өкілі ретінде көрсете алмайтын маргиналдар шығады. Олар өздерін көрістер деп атағанымен, олардың ішінде көрістер өте аз.

Бұл оқиғаның табиғи дамуы. Бұл процесс реттелмейді. Біз этнос ретінде жоғалып кетпейміз, жай ғана өзгереміз немесе басқа тілдік кодқа көшеміз. Егер біз көріс ұлтының халықтық дәстүрлер мен ана тілін білетін жалғыз өкілі болсақ, онда мәселелер әлдеқайда өткір болар еді. Жақсы ма, әлде жаман ба... Білмеймін, шамасы, тек өкінуге болады, бірақ бұл процесті реттеу мүмкін емес. Соңғы уақытта, мысалы, көрістер мен қазақтар арасындағы неке жиілеп кетті. Бірнеше ондаған жыл бұрын бұл сирек құбылыс еді. Айтарлықтай этномәдени айырмашылық болды. Бүгінгі таңда жастардың ортасы өзгерді. Қазақ жастарының саны пайыздық қатынаста өсті, жас көрістер өздерінің қазақ құрдастарымен көбірек қарым-қатынас жасай бастады...

Бұл жерде қандай да бір меркантилизм бар деп ойламаймын. Өзбекстанда бұл орын алып жатқан жоқ қой. Мәселе мынада, урбанизацияланған қазақтар мен урбанизацияланған көрістер тым ұқсас болып кеткен. Олар бір-бірімен қарым-қатынаста ешқандай қолайсыздықты сезінбейді. Ал Өзбекстанда олар қолайсыздықты сезінеді. Сондай фактордың бірі – конфессиялық фактор. Екіншісі өзбек махалласынан туындайды. Олар бөтен адамдарды кіргізбейді, өз адамдарын сыртқа шығармауға тырысады. Аралас неке өзбек үшін – нағыз қасірет. Ал қазақтар үшін олай емес. Қазақ – көріс сияқты жеке ұлға. Ол ата-анасының еркіне қарсы шығуы мүмкін. Қазақстандағы көрістер өздерінің еңбекқорлығымен және басқа ұлттарға деген қарым-қатынасымен өздеріне жағымды имидж қалыптастырды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бізді «төртінші жүз» деп атағаны кездейсоқ емес. Алайда бұлай айдарлау қазақ халқының ортасында пайда болды және оның авторын айқындау еш мүмкін емес. Ал анықтау керек пе? Ең бастысы, бұрын айтылғандай, бауырластық немесе қазір жиі айтылатын құдалық жылы қарым-қатынасты сақтап қалу. Қазақтардың халық даналығында айтылғандай: «Құда мың жылдық», яғни құдалар отбасыларды мыңдаған жылдарға байланыстырады! Менің немерелерімнің барлығында қазақтың қаны бар, ол менің шөберелерімде және шөпшектерімде қалады.

БҰДАН ТЕК КӨРІСТЕР ҒАНА ЗАРДАП ШЕККЕН ЖОҚ. ОСЫҒАН ДЕЙІН МЫҢДАҒАН ЕВРЕЙЛЕР, ПОЛЯКТАР ЖӘНЕ ОРЫС КУЛАКТАРЫ ЖЕР АУДАРЫЛДЫ. КӨРІСТЕРДІҢ 187 МЫҢЫ ЖЕР АУДАРЫЛДЫ – БҰЛ КӨП ЕМЕС ЕДІ. КӨРІСТЕРДЕН КЕЙІН БАСҚА ХАЛЫҚТАР ДА ЖЕР АУДАРЫЛАДЫ ДЕП БОЛЖАНҒАН. ЖАЛПЫ, ЖЕР АУДАРУ, ДӘЛІРЕК АЙТҚАНДА, ОНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІГІ ОЙЛАСТЫРЫЛҒАН ЖӘНЕ САУАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ. ӘСІРЕСЕ, КӨРІСТЕРДІҢ КӨПШІЛІГІ КЕЛГЕН КЕЗДЕ АЗАП ШЕККЕН – КҮЗ БОЛДЫ, САЛҚЫН БОЛДЫ, ТАМАҚ, ДӘРІ-ДӘРМЕК ЖЕТІСПЕДІ, АЙНАЛАДАҒЫЛАР ЖАТ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ БОЛЫП КӨРІНДІ.

өзі еді. Шындығында, түбектің солтүстік бөлігі негізінен таулы ландшафт болғандықтан, адамның мекен етуіне жарамайтын. Сондықтан егін шықпаған жылдары адамдар аштыққа ұшыраған. Ал көрістердің Вондо деп атайтын Қыыр Шығыс жері өте құнарлы болды. XIX ғасырдың екінші жартысында Кореяның солтүстігінде астық шықпады. Оған қоса, су тасқыны орын алып, корей отбасылары Қыыр Шығысқа қарай ағылды. Ал 1905 жылдан кейін экономикалық себептерге саяси себеп қосылды.

Иә, алдымен жапон протектораты, ал 1910 жылы – аннексия. Тізбекті реакция басталды. Өзгерек Вондоға қоныс аударған ер адамдар отбасыларын, содан кейін туыстарын, көршілерін көшіріп әкетті. Бірақ көрістердің шығаланы мұнымен аяқталған жоқ. Патшалық Ресей, одан кейін кеңес үкіметі көрістерге сенімсіздікпен қарады.

Мен әр халықта интернационализм де, ұлтшылдық та өмір сүретінін ұдайы айтып келемін. Себебі ұлтшылдық болмаса, интернационализм болмайды. Қыыр Шығыстағы орыс шенеуніктері мен орыс қоныстанушыларының көрістерге деген көзқарасы әр түрлі болды. Көрістер көріс болғандықтан емес, қытай мен жапонға ұқсайтын «сары» болған сия азап шекті. Бүгінгі қытайдан қорқу (*синфобия*)



талқыланғаны жайлы құжаттар бар. Оның үстіне, бұл Кремльде емес, Қыыр Шығыс округінде талқыланды. Ұжымдастыру болған кезде билік тарапынан шектен шығу орын алды: көріс халқының бір бөлігі ресми түрде жапондықтардың қызметінде болғандықтан, орыстарға басымдық берілді.

Жер аудару 1937 жылы орын алды. Оның себебі сан алуан. Сондықтан тек сталиндік өрескел қателер туралы айтудың қажеті жоқ. Саяси себеп те бар еді: сол уақытқа дейін Берлин – Рим – Токио блогы пайда болды, үлкен соғыстың иісі сезіле бастады. Жапондар ең алдымен Қыыр Шығыста көрістерді отқа итеріп, «бұл олардың бесінші бағанына айналады» деген қауесет таралды, Екінші себеп – ішкі экономикалық. Қызыл Армия жауынгерлерімен бірге эшелондар Қыыр Шығыс өңіріне қарай жүрді, оларды тұрғын үймен және тамақпен қамтамасыз ету керек болды. Қазақстанда 1929-1931 жылдардағы ашаршылықтан кейін вакуум пайда болды – адамдар жетіспеді, ал үлкен аумақтар күріш егуге жоспарланған болатын. Қалай болғанда да, бұл апробация еді.

Бұдан тек көрістер ғана зардап шеккен жоқ. Осыған дейін мыңдаған еврейлер,

үйі дала болғандығымен. Киіз үйді қай жерге тіккен, сол жер сенің үйің болған. Оларда орыс немесе немістікі сияқты жеке меншік сезімі, тұрақтылық психологиясы болмады. Сондықтан олар көрістерге агрессиясыз қарады. Бұл аңыз емес, көптеген жерлерде көрістерді қазақтарға қосқан, соңғылары қаласа да, қаламаса да. Осылайша, олар бірге өмір сүре бастады. Иә, қазақтар нанмен де, баспанмен де шын жүректен бөлісті. Толық тыныштық болды деп айту шындықтан қиынау болар. Кішігірім қалыңыстар орын алды, мен бұл туралы кейбір мұрағат құжаттарынан оқуыма тура келді. Мысалы, бір ауылда көрістердің иттерді жегеніне байланысты жанжал туындады. Олар шынымен де жеген! Алайда мұндай оқиғалар өте сирек кездесетін. Ал күнделікті ұсақ-түйек нәрселер үрей тудыратын ауқымға ие бола алмады. Кеңес үкіметі қатал болды. Жанжалдың таралуына жол берілмеді және басылып отырды. Өзбекстанда да солай болды – режим қалыңыстарды әу бастан жойып отырған. Жеке денгейде әр түрлі алауашылық орын алған. Соның ішінде көрістер жапон тыңшылары деп аталды. Қазақ зиялылары да осыдан зардап шекті. Олардың жапон тыңшыларымен байланысы туралы «іс қозғалғанда», себеп көрістер деп аталды.

1937 жыл – біз үшін маңызды кезең. Өмір өзгерді. Жейтін азық-түлік те өзгерді – теңіз өнімдері болған жоқ. Тағам ғана емес, өмір салты да өзгерді. Вондола көріс мектептерінің желісі, пединститут және педучилище болды, ұлттық тілде газет-журналдар шығарылды. Көбіне егіншілер мен балықшылардан кеншілер мен мал өсірушілерге қайта оқуға тура келді. Егер Қыыр Шығыста көрістер біртекті өмір сүрсе, яғни көрістер көрістермен, бұл жерде араласып кетті. Соның әсерінен тілдік мінез-құлық та өзгерді.





Қазақтың біртуар ұлы, композитор Шәмші Қалдаяқовтың өмірден озғанына биыл 30 жыл. Қазақ вальсінің королін еске алу үшін ақпанның соңғы күні Алматыдағы Ұлттық кітапханада мәдениет және өнер қайраткерлері, кітапхана қызметкерлері, композитордың туыстары, БАҚ өкілдері мен эстрада жұлдыздары бас қосты.

Шәмшісіз өткен 30 жыл



Жиналғандар ғұмырын саз әлеміне арнаған Ән аға туралы естеліктер айтып, Шәмші өнерінің маңызына тоқталды. «Ақмандайлым», «Жаксығұл», «Бақыттымын құрбылар», «Әнім сен едің», «Ән аға» сияқты әндері шырқалды. «Шәмші» деректі фильмінен үзінді көрсетілді. «Менің Қазақстаным» Әнұраны орындалды. Сондай-ақ кітап көрмесі ұйымдастырылды. Қазақ музыкасының алтын қорында Шәмші Қалдаяқовтың 100-ге жуық әні бар. Ол әлі де толығымен сияқты. Шәмші мұрасын насихаттап жүрген композитор Қалдыбек Құрманәлі өз қуанышымен бөлісті: «Шәмші Қалдаяқов – бүкіл қазаққа ортақ тұлға. Оны еске алу кештері өткізіліп жатыр. Айтылмаған әндері бар. 1958 жылы жазылған әндерін тауып алдым. Жақында ғана олжалы болдым. Қазан айында Шәмші Қалдаяқовтың 50 жыл бұрын жазған әнін архивтен тауып алдым. Керемет, ғажап ән».

Өз тіліміз

Қ А З А Қ Т Ы Ң
Б І Р Т У А Р
Ұ Л Ы

Алматыдағы Балалар көркемсурет мектебі 1981 жылы алғашқы мамандандырылған бастауыш көркем білім беретін оқу орны негізінде құрылған. 1997 жылы мектепке қазақтың тұңғыш кәсіби суретшісі Әбілхан Қастеевтің есімі берілді. 2018 жылы жекешелендіру аясында «Ә. Қастеев атындағы өнер және дизайн мектебі» болып қайта құрылды. Қазір мектепте және оның бөлімшелерінде 1200-ден астам бала оқиды.



артқандықтан, бізге жету және топта бос орын табу қиындай түсті. Сол себепті Алматыда 5 бөлімше аштық.

дамытып, бейнелеу өнерінде жаңаша білім алу алаңына айналды. Оқу комиссиясы жылына екі рет оқушылар мен мұғалімдердің жұмыстарын карап, баға береді. Үздік жұмыстарды біз мектептің бірегей әдіс-қорында қалдырамыз. Біз шәкірттерімізді мақтан тұтамыз. Өйткені олар күні бойы гаджетке телміретін қатарластарына карағанда, уақытын тиімді өткізеді. Мектеп оқушылары арасында халықаралық шығармашылық байқау жеңімпаздары аз емес. Біздің мектепке еліміздің кез келген азаматы, сондай-ақ кескіндеме, сурет және композиция бойынша өз

2021 жылдың жазынан бері жан басына қаржыландыру бағдарламасының

Тегін көркемсурет үйірмесі



арқасында біздің оқушыларымыз 5-тен 18 жасқа дейін тегін оқу мүмкіндігіне ие болды. Ваучер бойынша тегін оқу үшін ата-анаға өзін және artspport.edu.kz сайтында тіркеу жеткілікті. Әрмен қарай ваучерге 10 күн ішінде өтініш беру керек. Содан кейін оны іске қосамыз. Егер топтарда бос орын болса, бала мектепте сабақ ала бастайды. Соңғы кезде сұраныс



Мектепте балаларға 5-тен бастап академиялық көркемдік білім беріледі. Оған мынадай көркемдік-эстетикалық пәндер кіреді: сурет, кескіндеме, композиция, сәндік-қолданбалы өнер, өнер тарихы, мүсін, пленэр немесе жазғы практика және т. б. Біздің мектеп көптеген оқушылар үшін шығармашылық жағынан өзін-өзі

жұмыстарын ұсынатын кез келген қабілетті бала түсе алады. Былтырғы жылдың қыркүйегінде алғаш рет 5-6 жастағы балалар үшін қазақ тобын аштық.

Рамазан ТҰҒЫШБАЕВ,
Ә.Қастеев атындағы көркем өнер және дизайн мектебінің директоры

«Кімдер жомарт - сол бақыттың иесі, Бақыт берген жанға бақыт тиесі!» немесе Жүсіп Баласағұн философиясындағы бақыт ұғымы

Көне және орта ғасырлардағы түркі тілдері ескерткіштерін зерттеуші ғалымдар бақыт концептісін «құт» синонимінде алып қарастырады. Құт сөзі түркі халықтарында бақыт ұғымын берген.

Ж.Қошанова өз еңбегінде «байлық» мағынасына ұқсас тіл бірліктеріне «құт», «береке/берекет» сөздерін жатқызады. «Құт» сөзінің шығу көздерін атай келе, «көне түркі тілінде құт: 1) жан, рух (*Оғызхаған туралы аңыз ғ.*), 2) бақыт, игілік, амандық, сәттілік (*Құттегін*, «Құтағу білігі») мәнінде кездеседі. «Құтағу білігі» Баласағұнның түсіндіруінше, ежелгі түркілер адамның дүниеге келуін құт деп есептеген. Сонда құт деген тіршіліктің көзі. Адамға құтты беруші түркілерде – Тәңір, арабтарда тіршілік иесі – Алла тағала», – дейді. Осылайша «бақыт» ұғымы тіл білімінде кейбір концептілер құрамында айтылып қана кеткен. Ал бақыт мәнінде қолданған көне түркі жазбаларындағы «құт» лексемасы көптеген зерттеулерде «жан, рух» мағынасында этнографияда, этнологияда және лингвистикалық тұрғыдан қарастырылған.

«Құтағу білік» түркі тілінен аударғанда «Құт әкелетін білім» деген мағынаны білдіреді. Қоғамның өзінің бақытты болуы – көне замандардан бері толғанып келе жатқан сүбелі мәселе. Бұл жайында айтылатын тың пікірлер мен халықты бақытқа жеткізу, бақытты қоғам орнату мүддесі «Білге қаған», «Тонықоқ», «Құлтегін» жазбаларында, Әл Фараби шығармаларында,

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында және Асан қайғы, жырышы-жыраулар, шығармаларында, мемлекет қайраткерлерінің көзқарастарында, т.б. көрініс тапқан. Дастан оқырманына құт-берекемен, бақытқа өз адамгершілігін асыл етумен ғана жетуге болатынын ұқтырады. Ондағы «өзінді сақтау», «өзінді ұмытпау» қағидасы адамның адамшылығын



танытар қасиеті адамгершілік пен кісілікті жетілдіруге бағытталған. Ақын өтпелі өмір мен өлім жайында терең толғанады. Оның ойынша, өкініштің ең ауыры өлшеулі өмірде дүние қызығы мен тән тілегі жетегінде кетіп, діл тазалығын сақтай алмаудан туады, сондықтан адам өзінің кісілік қасиетімен бірге өмірдің өткініштілігін де ұмытпауы қажет. Мұнан өзге Жүсіп Баласағұн

шығармашылығына ізгілікке құштарлық пен інкәрлік, сопылық танымдағы Алланы сую, әлем мен адам сырына терең бойлауға ұмтылушылық белгілер тән.

«Құтты білік» дастанының бақытты, құтты қоғам түзету басты мақсат болғандықтан, ақын-ойшыл Платон, Аристотель, Әл Фараби ілімдерінен нәр алып, идеалды мемлекет идеясын қолдайды. Жүсіп Баласағұнның айтуынша, идеалды мемлекеттегі әртүрлі қарым-қатынастар гармониялық түрде болуға тиіс. Сол гармонияға жетудің негізгі алғышарты ретінде ойшыл адамды алады. Саясаттың субъектісі де, объектісі де – адам. Олай болса, жеке адамның да әлеуметтік топтың мүдделері мен мінез-құлқын жете білу қажет. Шайыр халқының атынан сөйлеп саясат жүргізіп, ал өмірде оны ұмытып кетуден сақтандырады.

Қорыта айтқанда, кемел ақыл иесі Жүсіп Баласағұн бақыт жайлы ойды: «Кімдер жомарт – сол бақыттың иесі, Бақыт берген жанға бақыт тиесі!» деп түйеді. Адамның бойында жомарттығы мен дарханлығы басым болса, сол адам бақытты екенін, адамның бағы ішкі жан-дүниесінің тазалығы мен парасаттылығына қатысты айқындалатындығын жеткізеді.

Данат ЖАНАТАЕВ, *Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, философия ғылымдарының кандидаты;*
Аружан БАТЫРХАН, *Сәбина БИМАНОВА,*
Әйгерім ОСПАН, *Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранттары*

Әр адамдардың

МЫСАЛ: Әр адамдардың тұрмысы жайлы нақты деректер жинайды.

Артық жалғаудан туындаған қате қолданыс. «Әр» белгісіздік есімдігін қолдана отырып, одан кейін –лар көптік жалғауын қосу қисынға келмейді. *Әр адамның (көпше түрде – адамдардың)* деген жөн.

ДҰРЫСЫ: Әр адамның тұрмысы жайлы нақты деректер жинайды.



Әр алуан түрлі

МЫСАЛ: бұл профильдегі жұмыс орындары әр алуан түрлі болып келеді. Орыс тілінің ықпалымен орныққан, басы артық сөзді қолданудың салдарынан туындаған стильдік қате. Бұл тіркесті *әр алуан* немесе *әр түрлі* деп беруге болады. Ал *әр алуан түрлі* сыйыспайтын плеоназм тудырып отыр.

«СӨЗТҮЗЕР».
Қате қолданыстар сөздігінен

Бас редактор – директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА – экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ – шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОҚСАНБАЙ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС – Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР – Атырау облысы (8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ – Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат
(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс – №1067;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы – 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Atr-Astana» әуежайының ұшақтарында бар.

Jas qazaq gazeti «Karavan», «Хорошие новости плюс» және KOK TENGRI дүңгіршістерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 күзлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.